

## Кендала ауылдық округінің Кендала, Еңбекші, Ақдала ауылдарындағы көшелерін қайта атау беру және кейбір көшелеріне атау беру туралы

Алматы облысы Талғар ауданы Кендала ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 6 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 20 желтоқсанда № 4971 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес Кендала ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып және Алматы облысының ономастикалық комиссиясының 2018 жылғы 26 наурыздағы қорытындысы негізінде Талғар ауданы Кендала ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Кендала ауылындағы "Школьная" көшесі "Отырар" көшесіне, "Новосельская" көшесі "Құлан" көшесіне, "Шоссейная" көшесі "Достық" көшесіне, "Речная" көшесі "Ертіс" көшесіне, "Строительная" көшесі "Сайрам" көшесіне, "Молодежная" көшесі "Талхиз" көшесіне;

Еңбекші ауылындағы "Колхозная" көшесі "Сарайшиқ" көшесіне, "Набережная" көшесі "Жайық" көшесіне, "Азербайджанская" көшесі "Алтынемел" көшесіне, "Интернациональная" көшесі "Егемен" көшесіне, "Мира" көшесі "Жетісу" көшесіне, "Студенческая" көшесі "Жастар" көшесіне;

Ақдала ауылының "Центральная" көшесі "Хантәнірі" көшесіне, "Колхозная" көшесі "Қарқаралы" көшесіне, "Молодежная" көшесі "Балқаш" көшесіне, "Озерная" көшесі "Сырдария" көшесіне қайта аталсын.

2. Кендала ауылдық округінің Кендала, Еңбекші, Ақдала ауылындағы көшелерге келесі атаулар берілсін:

1) Кендала ауылының солтүстік-батысында орналасқан бірінші көшеге "Шымбұлақ", екінші көшеге "Балдәурен", үшінші көшеге "Байқоныр" төртінші көшеге "Тобыл", бесінші көшеге "Береке";

Кендала ауылының солтүстік-шығысында орналасқан бірінші көшеге "Тұран", екінші көшеге "Көлсай", үшінші көшеге "Сарыарқа";

2) Еңбекші ауылының солтүстік-шығысында орналасқан бірінші көшеге "Алаш", екінші көшеге "Сығанақ", үшінші көшеге "Баянауыл", төртінші көшеге "Оқжетпес", бесінші көшеге "Ордабасы", алтыншы көшеге "Болашақ";

Еңбекші ауылының солтүстік-батысында орналасқан бірінші көшеге "Ұлытау", екінші көшеге "Түркістан", үшінші көшеге "Ынтымақ", төртінші көшеге "Ақбастау", бесінші көшеге "Тарбағатай", алтыншы көшеге "Шалқар", жетінші көшеге "Зерде", сегізінші көшеге "Шарын";

Еңбекші ауылдың солтүстігінде орналасқан төртінші көшеге "Медеу";

3) Ақдала ауылдың солтүстік-шығысында орналасқан бірінші көшеге "Қазығұрт", екінші көшеге "Арыс", үшінші көшеге "Талас", төртінші көшеге "Есіл", бесінші көшеге "Ақасық", алтыншы көшеге "Тұрген", жетінші көшеге "Алмалық", сегізінші көшеге "Алтай", тоғызыншы көшге "Тұмар", оныншы көшеге "Бірлік", он бірінші көшеге "Алатау", он екінші көшеге "Алакөл", он үшінші көшеге "Достық".

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кеңдала ауылдық округінің әкімі*

*A. Умирзаков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК